

**"Электрондық сауда алаңдары арқылы сұйытылған мұнай газы сауда-саттығын ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы энергетика министрінің 2018 жылғы 6 желтоқсандағы бұйрығының қолданысын тоқтата тұру туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің м.а. 2022 жылғы 9 қаңтардағы № 5 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 9 қаңтарда № 26409 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2022 жылғы 7 маусымдағы № 202 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Энергетика министрінің 07.06.2022 № 202 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 46-бабы 1-тармағына, "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына және 2-тармағына сәйкес және Мемлекет басшысы тапсырмаларын іске асыру туралы 2022 жылғы 5 қаңтарда елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдай мәселелері жөніндегі кеңестің № 20-04/07-1055 хаттамасының 2-тармағын орындау үшін **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Электрондық сауда алаңдары арқылы сұйытылған мұнай газы сауда-саттығын ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы энергетика министрінің 2018 жылғы 6 желтоқсандағы № 481 бұйрығының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде № 17897 болып тіркелді) қолданысы 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Газ және мұнай-газ-химия департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2)

тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министрдің м.а.*

*М. Журебеков*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК